

## Кедендік алып жүру туралы Ереже

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы кеден комитеті 1995 жылғы 7 желтоқсан N 193-П Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 18 қаңтарда N 144 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 29 наурыздағы N 266 , Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 31 наурыздағы N 152 бұйрықтарымен. ~V001106

Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Z952368\_ "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының ережелерін жүзеге асыру мақсатында бұйырамын:

1. Кедендік алып жүру туралы Ереже (N 1 қосымша) және Кеден жасағының лауазымдық міндеттері (N 2 қосымша) бекітілсін.
2. Кеден күзеті мен режимі басқармасы (Исабаев) бір ай мерзімінде Қазақстан Республикасы шекарасында өткізу пункттерінде кеден объектілерін күзетуді қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлесін.
3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Кеден комитеті Төрағасының орынбасары А.Р.Матақбаевқа жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы  
Кеден комитетінің  
1995 жылғы 7 желтоқсандағы  
N 193-П Бұйрығына  
N 1 қосымша

Кедендік алып жүру туралы  
Ереже

### I. Жалпы Ережелер

1.1. Кеден органының тасымалдаушының не оның көлік құралының

Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар 1995 жылғы 20 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының (бұдан әрі мәтін бойынша - Жарлық) ережелерін сақтауға кепілдік бере алмайтын жағдайда, кеден органы тауарлардың транзиттің кеден режиміне орналастыруға жол беруге немесе көлік құралын керегінше жабдықтау, кедендік алып жүру, не кеден тасымалдаушысының тауарларды тасымалдауы жағдайында ғана кеден бақылауымен тауарларды жеткізу ережелеріне сәйкес тауарларды тасымалдауға р ұ қ с а т б е р у г е қ ұ қ ы л ы .

Осы Ереже транзиттің кеден режиміне орналастырылған немесе кеден бақылауымен тауарларды жеткізу ережелеріне сәйкес тасылатын тауарларды кедендік алып жүру тәртібін белгілейді.

1.2. Кедендік алып жүру кедендік күзет пен режим бөлімінің (бұдан әрі - кеден жасағы) лауазымды адамдары жүргізеді. Кедендік алып жүруді тек қана жөнелтуші, жіберуші кеден органының кеден жасағы емес, сонымен қатар осы Ережеде көзделген жүктері бар көлік құралдарының жүру бағыттары аумағы бойынша өтетін тиісті аумақтық кеден органының кеден жасағы жүзеге асыра а л а д ы .

1.3. Кедендік алып жүруге тауарлардың Қазақстан Республикасы кеден органдары арасында шет ел мемлекеттері аумағы арқылы тасылуы кезінде жол б е р і л м е й д і .

1.4. Транзиттің кеден режиміне орналастырылған немесе кеден бақылауымен тауарларды жеткізу ережелеріне сәйкес тасылатын тауарларды кедендік алып жүру жағдайында кеден органдарына жүктелген кеден төлемдері мен салықтарын төлеуді (тиесілі сомаларды депозитке салу не үшінші адамның кепілі ) алуды қамтамасыз ету бойынша шаралар қолданылмайды.

1.5. Кеден бақылауымен транзит кезіндегі кедендік алып жүруге байланысты тасымалдаушыда, жөнелтушіде немесе алушыда пайда болатын шығыстарды к е д е н о р г а н д а р ы ө т е м е й д і .

1.6. Осы ережеде ұғымдар мынадай мағынада қолданылады:

- кедендік алып жүру - көлік құралдары және олардың таситын тауарларын к е д е н ж а с а ғ ы н ы ң а л ы п ж ү р у і ;

- тасымалдаушы - тауарларды іс жүзінде өткізетін не көлік құралын п а й д а л а н у ғ а ж а у а п т ы т ұ л ғ а ;

- Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 26 сәуірдегі N 557 "Қазақстан Республикасында халықаралық автомобиль тасымалын ұйымдастыруды дамыту мен жетілдіру шаралары туралы" қаулысымен бекітілген 2-қосымшаның талаптарын бұзатын көлемі сай емес тіркемелер мен жартылай тіркемелер көлік жабдықтары ретінде саналатын жағдайларды қоспағанда "көлік құралдары - автомобильдердің тіркеп сүйретуіне арналған,

жол қозғалысына бір бүтін ретінде қатысатын және халықаралық жолаушылар мен жүк тасымалдау ісінде пайдаланылатын тіркемелерді, жартылай тіркемелерді қосқандағы атвокөлік құралдары";

- транзит тауарлары - Қазақстан Республикасы кеден аумағы арқылы кеден бақылауымен өткізілетін және Қазақстан Республикасы аумағында еркін айналымға арналған тауарлар;

- жеткізілетін тауарлар - кеден бақылауымен өткізілетін және Қазақстан Республикасы аумағында еркін айналымға не Қазақстан Республикасы кеден аумағына тұтыну үшін арналған тауарлар.

ЕСКЕРТУ. 1.6-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік Кеден комитетінің 15.11.1995 жылғы 236-П бұйрығымен. V960028\_

ЕСКЕРТУ. 1.6-тармақтың 3-абзацы өзгертілді, 4-абзацы жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік Кеден комитетінің 1997.07.25. N 191-П бұйрығымен. V970052\_

## 2. Кедендік алып жүру туралы шешім

2.1. Кеден органының транзиттік және жеткізілетін тауарларды кедендік алып жүру туралы шешімі тауарларды жөнелтуші, алушы және тасымалдаушы үшін міндетті болып табылады.

2.2. Кедендік алып жүру туралы шешімді жөнелтуші немесе жіберуші кеден органының, сондай-ақ тиісті аумақтық кеден органының бастығы немесе олардың орнындағы адамдар қабылдайды.

Кедендік алып жүру туралы шешім қабылданатын кезде:

- тауардың сипаты мен мәртебесі (акцизделетін тауарлар, лицензияланатын тауарлар, әкелінуіне өзге мемлекеттік органдардың рұқсаты талап етілетін тауарлар, кеден баждары мен салықтары салынатын тауарлар);

- тасымалдау бағыты;

- тасымалдаушы туралы қолдағы бар мәліметтер;

- кеден органына тауарлардың, көлік құралдарының және оларға құжаттардың жеткізілмей қалуына және тиесілі кеден төлемдерінің төленбей қалуына әкеліп соғатын басқа да факторлар еске алынады.

ЕСКЕРТУ. 2.2-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік Кеден комитетінің 15.11.1995 жылғы 236-П бұйрығымен. V960028\_

ЕСКЕРТУ. 2.2-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік Кеден комитетінің 1997 жылғы 16 мамырдағы N 41 бұйрығымен. V960028\_

ЕСКЕРТУ. 2.2-тармақтың 3-абзацы жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік Кеден комитетінің 1997.07.25. N 191-П бұйрығымен. V970052\_

2.3. Тауарларды кедендік тасымалдаушы таситын, тауарларды МДП кітапшасын (МДП Конвенциясы, 1975) қолдана отырып, Халықаралық жүк тасымалдау туралы кеден конвенциясына сәйкес таситын жағдайда кедендік алып жүру туралы шешім тасымалдау барлық жағдаяттар ескеріліп және тек қана :

- мұндай тасымалдауға кеден заңдарына сәйкес жол берілетін жағдайда Қазақстан Республикасына әкелуге, Қазақстан Республикасынан әкетуге тиым с а л ы н ғ а н ;

- лицензиялауға жататын әкелінетін;

- өзге мемлекеттік органдардың бақылауына жататын тауарларға қатысты қ а б ы л д а н а д ы .

2.4. Кедендік алып жүру туралы шешім қабылданатын жағдайда кеден жасағының талабымен тасымалдаушы оған кедендік алып жүруді жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасап, жеке орындар беруі тиіс.

2.5. Кедендік алып жүру туралы шешім қабылдау және алып жүрудің өзін тікелей ұйымдастыру тауарларды тасымалдаудың мерзімдерін айтарлықтай ұ з а р т п а у ы т и і с .

Кедендік алып жүру туралы шешім қабылданатын жағдайда мұндай алып жүру шешім қабылданғаннан кейінгі күннен кешіктірілмей (тасымалдаушының өзіне жүктелген барлық міндеттерін орындайтын және кедендік алып жүру үшін кеден алымдарын төлейтін кезде) ұйымдастырылуы тиіс.

2.6. Кедендік алып жүру туралы шешім жазбаша түрде қабылданады және екі данада жасалады. Шешімде көлік құралдарының түрі мен саны, көлік құралдарының тұрған жері, жіберуші кеден орган мен жеткізетін жердің мекен-жайы, жеткізу бағыты мен мерзімі, сондай-ақ керекті кедендік алып жүру үшін қажетті басқа да мәліметтер көрсетіледі. Тауарларды алыс қашықтыққа тасымалдау, бір кеден органының құрылымдық бөлімшелері арасында тасымалдау жағдайында шешім кеден органы бастығы бекіткен оңайлатылған ны с а н д а р е с і м д е л у і м ү м к і н .

2.7. Жіберуші кеден органы кеден жасағының (немесе аумақтық кеден органының жасағының) кедендік алып жүруі туралы шешімді жөнелтуші кеден органы бастығымен келісе отырып жіберуші кеден органының (немесе аумақтық кеден органының бастығы) қабылдай алады. Мұндай шешім жөнелтуші кеден органы жіберуші кеден органына дейін жеткізілетін және транзиттік тауарларды кедендік алып жүруді дәлелді себептермен ұйымдастыра алмайтын жағдайда қабылданады. Жіберуші кеден органы кеден жасағының (немесе аумақтық кеден органы жасағының) кедендік алып жүруі туралы шешімді қабылдайтын және келісетін кезде осы Ереженің 2.5. тармағының ережелері ескеріледі. Келісілген мерзімді қысқарту мақсатында шешім ауызша түрде телефон бойынша немесе

жедел желілерді (телекстерді, факстерді) пайдалану жолымен жүргізіледі.

### 3. Кедендік алып жүру кезіндегі тасымалдаушының міндеттері

#### 3.1. Тасымалдаушы:

- тауарлар және оларға құжаттарды тасымалдаудың қалыпты жағдайында табиғи тозу немесе кемуі салдарынан өзгеруді қоспағанда олардың орамалары мен күйін өзгертпей, кеден органы белгілеген жерге жеткізу мен транзиттеуден және сол орында болатыннан басқа мақсатта пайдаланбай жеткізуге;

- жөнелтуші кеден органы белгілеген транзиттік және жеткізілетін тауарларды тасымалдаудың мерзімдері мен қозғалыс бағытын сақтауға;

- жіберуші кеден органы бойынша тауарлар және оларға құжаттарды көрсету мен тапсыруды қамтамасыз етуге, жіберуші кеден органының шешімі бойынша тауарларды ұсынуды жүзеге асыруға;

- авария немесе жойқын күш әрекеттері кезінде тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету және олардың пайдаланылуына жол бермеуге міндетті, өзгеше жағдайда Жарлықтың 253 бабына сәйкес тасымалдаушы жауап береді.

- кеден жасағына кедендік алып жүруді жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасауға және оған қызметтік міндеттерді орындауға жәрдемдесуге міндетті.

### 4. Кедендік алып жүру кезінде тасымалданатын транзиттік және жеткізілетін тауарларды ресімдеу

4.1. Жөнелтуші және жіберуші кеден органында транзиттік және ресімделетін тауарларды (бұдан әрі - тауарларды) ресімдеу Жарлықтың талаптарына сәйкес осы тауарда белгіленген ерекшеліктер ескеріліп жүргізіледі.

4.2. Кедендік алып жүру жағдайында транзиттік декларацияның немесе тауарлардың жеткізілуіне бақылау құжатының қосымша (бесінші) парағы то л т ы р ы л а д ы .

Аталған қосымша парақты кеден органы осы Ереженің 6.1. тармағында көрсетілген нормативті құжаттарға сәйкес ресімделеді.

Қосымша парақтарды қосқанда транзиттік декларацияның, тауарлардың жеткізілуіне бақылау құжатының барлық парақтарында және көлік құжаттарында жөнелтуші кеден органы басқа мөртаңбалармен бірге алып жүру туралы (N 1а қосымша) м ө р т а ң б а н ы қ о я д ы .

4.3. Транзиттік декларацияның немесе тауарлардың жеткізілуіне бақылау құжатының екінші, үшінші және қосымша парақтары транспорттық тауарға ілеспе және өзге де қажетті құжаттармен бірге жіберуші кеден органына көрсету

үшін кеден жасағының бастығына беріледі.

4.4. Жіберуші кеден органы жеткізілетін жеріне көлік құралдары мен олардың тасыған тауарлары келген соң транзиттік декларацияның немесе тауарлардың жеткізілуіне бақылау құжатының екінші, үшінші және қосымша парақтарына мөртаңба (N 16 қосымша) қойып, белгіленген тәртіппен к у ә л е н д і р е д і .

Аталған құжаттардың қосымша парағы жөнелтуші кеден органына көрсету үшін кеден жасағы бастығына не аумақтық кеден органына қайтарылады. Жіберуші кеден органына тауарлардың түсуіне бақылау жасау аталған құжаттар ұ с ы н ы л ғ а н с о ң а я қ т а л а д ы .

## 5. Кедендік алып жүрудің тәртібі

5.1. Көлік құралдарын немесе конвойды кедендік алып жүру ілеспелі көлік құралында немесе кеден органының автокөлігінде жүзеге асырылады.

5.2. Кедендік алып жүру жөнелтуші кеден органынан жіберуші кеден органына дейін үздіксіз жүзеге асырылады. Көлік құралдарының жүретін жолы бойында орналасқан кеден органдарындағы кеден жасағы ауысымы кедендік алып жүруді жүргізген жағдайда аталған кеден органдары транзиттік декларацияның немесе тауарлардың жеткізілуіне бақылау құжатының барлық парақтарына кедендік алып жүру туралы жаңа мөртаңба қойып шығады. Кеден жасағының ауысымы өткізетін кезде 2 қосымшада келтірілген нысан бойынша а к т ж а с а л ы н а д ы .

5.3. Алып жүруді жүзеге асыру кезінде кеден жасағының жеке құрамы Жарлықпен белгіленген ережелерге сәйкес дене күшін, арнайы құралдарды және оқпен ататын қаруды қолдануға құқылы.

5.4. Кеден жасағын жөнелту алдында кедендік күзет пен режим бөлімі бастығымен бірге жөнелтуші кеден органының бастығы немесе оның орнындағы адам құрамды және жасақтың жабдықтарын, жеке құрамның міндеттерін білуін, оқпен ататын қарудың, арнайы құралдар мен жеке қорғаныс құралдарының жайын, сыртқы түрін тексереді. Алып жүрудің арнайы кеден жасағының күллі жеке құрамы маусым бойынша белгіленген нысандық киімді киіп жүруі тиіс.

5.5. Транзиттік және жеткізілетін тауарлардың жоғалуына немесе жойылуына әкеліп соғуы мүмкін жағдаяттар пайда болғанда кеден жасағының жеке құрамы аталған тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету үшін өзіне байланысты барлық шараларды қолдануға міндетті.

## 6. Тауарларды тасымалдау кезіндегі кедендік алып жүрудің ерекшеліктері

6.1. Тауарды тасымалдау шарттары мен сипатына қарай жол көлік құралдарымен тасылатын тауарларды кедендік алып жүру кезінде бір конвойға бір кеден жасағына 10-нан аспайтын автомобиль енгізілуі мүмкін. Кеден жасағының аға жетекшісі конвойдың аға жетекшісі болып табылады, оның нұсқаулары мен өкімдерін кеден жасағының лауазымды адамдары және транспорт қызметкерлері орындауы тиіс. Кеден жасағының жеке құрамы жол көлік құралының басында және аяғында орналасады. Колоннаның тоқтаған кезінде кеден жасағы конвойдың екі жағын бақылайды.

Конвойдағы жол көлік құралдарының біреуі бұзылған жағдайда жөндеу немесе басқа көлік құралына тиеу аяқталғанша күллі конвой кідіріледі. Мұнда екі данада акт жасалынады. Актіде кеден жасағының аға жетекшісі қол қояды. Кеден жасағының аға жетекшісі қажет болған жағдайда қайта тиелген тауарлардың теңдестірілуін қамтамасыз етеді. Актінің екінші данасын кеден жасағының аға жетекшісі жіберуші кеден органы бастығына тапсырады.

## 7. Кедендік алып жүру үшін кедендік алымдар

7.1. Бір жол көлік құралын кедендік алып жүру үшін кедендік алымдар Жарлықтың 120 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 7 қарашадағы N 1479 "Кеден төлемдерінің ставкалары туралы" Қаулысына сәйкес алынады.

1.6-тармақтың 4-абзацында көрсетілген көлемі сай емес тіркемелер немесе жартылай тіркемелерді жолдамалау үшін жеке көлік құралындай кеден алымдары алынады.

ЕСКЕРТУ. 7.1-тармағы жаңа абзацпен толықтырылсын - ҚР Мемлекеттік Кеден комитетінің 1997.07.25. N 194-П бұйрығымен.

V970052\_

7.2. Кедендік алып жүру үшін алымдар тасымалдаушыдан кедендік алып жүру басталғанға дейін алынады.

Кедендік алып жүру туралы

Ережеге  
N 1 Қосымша

Кедендік алып жүру кезінде қолданылатын жай мөртаңбалар

---

	Қазақстан Республикасы	
а.	Кеден комитеті	
	(Кеден органының атауы)	
	Кедендік алып жүру	
	арқылы	
	199__ " __ "	

63 x 27

---

	Қазақстан Республикасы	
б.	Кеден комитеті	
	(Кеден органының атауы)	
	Тауар келіп түсті	
	19__ " __ "	

63 x 27

Кедендік алып жүру туралы  
Ережеге  
N 2 Қосымша

Кедендік алып жүруді қабылдау-өткізу  
актісі

Тауарға ілеспелі құжаттары бар \_\_\_\_\_  
накладнойлардың NN

\_\_\_\_\_ бара жатқан



көлік құралдарының атауы  
жүкті кедендік алып жүруді  
жасақтың аға жетекшісі \_\_\_\_\_ өткізді,  
тегі, аты-жөні, әкесінің аты

жасақтың аға жетекшісі \_\_\_\_\_ қабылдады  
тегі, аты-жөні, әкесінің аты

Жүк өзгермеген күйде, жүк бөлімдері қорғасын мөр таңбалармен  
N \_\_\_\_\_ мөрленген  
саны

Қосымша қорғасын мөртаңбалар қойылған \_\_\_\_\_  
саны

Жасақтың аға жетекшісі \_\_\_\_\_  
кеден органының атауы қолы

Жасақтың аға жетекшісі \_\_\_\_\_  
кеден органының атауы қолы

19\_\_ ж " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Кеден комитетінің  
1995 жылғы 7 желтоқсандағы  
N 193-П Бұйрығына  
N 2 қосымша

Кеден жасағының лауазымдық міндеттері

1. Кедендік алып жүру кезіндегі кеден  
жасағының міндеттері

1.1. Кеден жасағын жасақтың аға жетекшісі басқарады. Егер кеден жасағы бір адамнан тұрса, онда ол бір мезгілде кеден жасағының аға жетекшісі болып табылады. Кеден жасағының аға жетекшісі және оның жеке құрамы Жарлық және осы Ережемен бекітілген өз міндеттерін сөзсіз орындауы тиіс.

1.2. Кеден жасағы транзиттік және жеткізілетін тауарлардың жіберуші кеден органына өзгертілмеген күйде белгіленген мерзімде және белгіленген бағыттар бойынша келіп түсуін қамтамасыз етілетіндей аталған тауарларға бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

### 1.3. Жасақтың аға жетекшісі:

- кеден жасағы жеке құрамына және транспорт қызметкерлеріне кедендік алып жүру тәртібі, сондай-ақ кедендік алып жүрумен тауарларды тасымалдау кезіндегі олардың құқықтары мен міндеттері туралы нұсқаунама өткізуге;
- тауарларды тасымалдау бағытының ерекшеліктерін оқып үйренуге, бағыттың мүмкін боларлық жайларын болжамдауға және әдеттен тыс жағдайлар пайда болғанда жасақтың жеке құрамы әрекетінің тәртібін анықтауға;
- кедендік алып жүру кезінде кеден жасағы жеке құрамының орналасқан жерін және тасымалданатын тауарларды бақылауды жүргізу тәртібін анықтауға;
- кедендік алып жүру кезінде қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етуге;
- кеден жасағы жеке құрамының құрал-жабдықтарымен, оның байланыс құралдарымен жасақталуын тексеруге;
- тауарлардың кедендік алып жүрумен тасымалдануы кезінде кеден заңдарының сақталуына жалпы бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

### 1.4. Кедендік алып жүру кезінде кеден жасағының жеке құрамы:

- алып жүрілетін тауарлар мен көлік құралдарына бақылау жүргізуге;
- көлік құралдарының жүк бөлімдеріне салынған кеден мөрлері мен қорғасын мөртаңбаларының жағдайын, сондай-ақ тасымалданатын тауарларды теңдестіру құралдарын тексеруге;
- қару мен арнайы құралдарды қолдану үшін үнемі даярлықта ұстауға;
- қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауға;
- ілеспелі көлік құралдарымен бөгде адамдардың жүріп өтуіне жол бермеуге міндетті.

1.5. Авария немесе жойқын күш әрекеттері кезінде кеден жасағы тасымалдаушыға оның өз міндеттерін орындауына жәрдемдеседі. Жол оқиғасы туралы хаттама кеден жасағының аға жетекшісінің қатысуымен жасалады.

## 2. Кеден жасағын құру

2.1. Кеден органының бастығы кедендік алып жүру туралы шешім қабылдаған күні осы шешімнің бірінші данасын тауарлардың жеткізілуіне бақылау жасайтын бөлімге (бұдан әрі ТЖББ), екіншісін кедендік күзет пен режим бөліміне жібереді.

ТЖББ байланыстың жедел желілері бойынша жіберуші кеден органы мен кеден органдарының ТЖБ бөлімдеріне кеден жасағы ауысымының қай жерде жүргізетіні, ілеспелі көлік құралдарының келетін уақыты мен орны туралы хабарлайды.

Кедендік күзет пен режим бөлімі кеден жасағын көлік құралдарының түрін, санын, тасымалдау мерзімі мен шарттарын, тасылатын тауардың сипатын,

сондай-ақ жасақтың құрамына әсер ете алатын басқа да факторларды ескеріп қ ұ р а д ы .

2.2. Кеден жасағы жеке құрамын оқпен ататын қарумен, арнайы құралдармен және жеке қорғаныс құралдарымен алып жүру бағытындағы жедел жағдайға қарай қаруландыруды кедендік күзет пен режим бөлімінің бастығы анықтайды.

### 2.3. К е д е н ж а с а ғ ы н ы ң :

- кедендік күзет пен режим бөлімі бастығының оқ-дәрінің үлгісі мен санын, кеден жасағы аға жетекшісі мен кеден жасағының күллі жеке құрамының аты жөндерін көрсете отырып, кеден органының елтаңбалық мөрімен куәлендірілген ж а з б а ш а н ұ с қ а у ы ;

- қорғасын мөртаңбалық құрылғысы;

- қажет болған жағдайда - баратын ары-бері жолына азық-түлігі немесе оған ақшасы, тамақ пісіру мен ішуге ыдысы, сондай-ақ ішетін суға ыдысы, бекеттік киім-кешегі, жасақтың барлық құрамына төсекке керек жабдықтарды, жолда бір тәуліктен аса болатын кезде медициналық дәрі-дәрмек қорапшасы, ракетницасы, белгі беретін қызыл жадаушылары мен қызыл түсті жарық беретін фонарьлары б о л у ы т и і с .

2.4. Кедендік күзет пен режим бөлімі кеден жасағын құру кезінде қажет болған жағдайда жол тасымалдауы кезінде кедендік алып жүру тәртібі туралы тасымалдаушымен немесе ішкі істер органдарымен келіседі.

2.5. Көлік құралдары мен олардың тасымалдайтын тауарларын жіберуші

кеден органы кеден жасағының немесе аумақтық кеден органы жасағының кедендік алып жүруі жағдайында мұндай жасақ осындай шешім қабылданып келісілген соң мүмкіндігінше қысқа мерзімде жөнелтуші кеден органына келіп, кедендік алып жүру бойынша өз міндеттеріне кірісуге тиіс. Жөнелтуші кеден органы кеден жасағын күтіп алуды, ал кедендік күзет пен режим бөлімі "Кеден жасағының лауазымдық міндеттерінің" 2.1. тармағына сәйкес нұсқаунаманы ұйымдастыруы тиіс.

Оқығандар:

Багарова Ж.А.  
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК